

**«6D021300 – Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы  
(PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Құрманбаева Ақмарал  
Жұмаділлақызының «Сұлулық индустриясы терминжүйесінің  
қалыптасуы» атты диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

**СЫН-ПІКІРІ**

**1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.**

Бүгінгі таңда қазақ тіл білімінде терминологияның қай саласын алсақ та өзекті. Себебі қазақ терминологиясы енді дамып келе жатқан тіл білімінің жас ғылым саласы. Десек те, қазақ тіл білімінде терминологияның жалпы мәселелері, ономазиология, терминография, когнитивтік терминтаным және т.б. салалары монография, диссертация, жекелеген мақалалар деңгейінде зерттеліп, қарастырылды. Ал қазақ терминологиясында салааралық терминжүйе тұрғысынан зерттелген еңбектер жоқ. Терминологияны практикалық тұрғыдан дамытудың бірден-бір көзі салааралық терминжүйені талдау, жүйелеу, қалыптастыру тетіктерін зерттеу деп білеміз. Өзге тілдерде, нақтырақ айтсақ, орыс тіл білімінде әр ғылым саласының термин жүйесін арнайы алып қарастырған зерттеу еңбектері өте көп. Ұсынылып отырған диссертациялық жұмыстың өзектілігін ең алдымен осы тұрғыдан сипаттаймыз.

Зерттеу жұмысының өзектілігінің келесі сипаты. Ғылым дамыған сайын онымен байланысты кәсіп түрлеріде пайда болатыны белгілі. Ол кәсіптермен бірге шетелден келетін зат, үдерістердің шет тіліндегі атауы да тілімізге енетіні белгілі. Осындай себептермен тілімізге күніне жүздеген терминдер еніп отырады. Сондай жас кәсіп салаларының бірі – сұлулық индустриясының терминологиялық жүйесінің қалыптасуының тілдік және тілден тыс тетіктерін зерттеуге арналған бұл жұмысты өзекті деп танымыз. Қазіргі таңда сұлулық индустриясы аса күрделі пәнаралық білім саласы ретінде қоғам және күнделікті тұрмыс-тіршілік т.б. тұрғыдан үлкен сұранысқа ие бағыттардың бірі екендігі анық. Осы кәсіппен бірге қалыптасып жатқан терминологиялық жүйенің даму үстіндегі терминологиялық қорын анықтау жаңа терминологиялық жүйені біріздендіруге белгілі үлес қосумен қатар, кәсіби мәдениаралық коммуникацияда орын алатын бірнеше мәселелердің шешімін табуына септігін тигізеді. Нақтырақ айтқанда жас кәсіп, кәсіппен бірге пайда болған ғылым салаларының терминжүйесін талдау, қалыптастыру, дамыту мақсатында дайындалған зерттеу жұмысын «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасымен» тығыз байланысты екендігі сөзсіз.



## **2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.**

Диссертация кіріспе, үш тарау, қорытынды, қосымшалардан тұрады. Жұмыстың мазмұны, әдебиеттерді қолдану дәрежесі, ғылыми зерттеу жұмысының теориялық-әдіснамалық негіздерін қарастыруы, диссертацияның көлемі докторлық диссертацияға қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді.

Зерттеудің негізгі мақсаты – сұлулық индустриясы терминдері мен терминологиялық жүйесінің қалыптасу ерекшелігін айқындау. Осымен байланысты диссертант бірқатар ғылыми нәтижелерге қол жеткізген:

1- нәтиже. Жұмыстың теориялық базасы айқындалған. Жұмысқа қатысты ғылыми ұғымдарды талдай отырып, өзіндік көзқарасын көрсете алған. Әрбір терминнің дефинициясы ашылған;

2-нәтиже. Қазақ терминқорындағы сұлулық индустриясына қатысты ұғымдарға талдау жасап, терминологиялық жүйесін айқындай алған, оларды терминологиялық өріс шеңберіне топтаған;

3-нәтиже. Аталған сала терминдерінің негізгі терминжасам амал-тәсілдерін талданған. Баламсы жоқ терминдерді игерудің жолдарын қарастырған;

4-нәтиже. Терминдердің негізгі тақырыптық топтары айқындалған және жұмсалым үдерісі барысындағы басты өзгерістері сипатталған;

5-нәтиже. Қазақ терминқорындағы сұлулық индустриясына қатысты терминдерді кірме мен ұлттық тіл негізінде жасалған терминдер деп қарастырып, олардың пайыздық мөлшерлемесін көрсеткен.

## **3. Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.**

Зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелеріне қазақ тіл біліміндегі А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, Ә.Т. Қайдаров, Р. Сыздық, Ө. Айтбайұлы, Ш. Құрманбайұлы, Қ. Айдарбек, Е. Әбдірәсілов және т.б. терминологияға қатысты еңбектері ғылыми негіз болған.

Зерттеушінің назарынан мәселеге қатысты алыс-жақын шетел ғалымдарының терминологияның жалпы мәселелеріне, когнитивтік терминтанымға, терминологиялық жүйеге, терминологиялық өріс теориясына және т.б. мәселелерге қатысты еңбектері де тыс қалмаған. Атап айтқанда, Ресей ғалымдары В.П. Даниленко, Д.С. Лотте, А.В. Суперанская, М.Н. Володина, Л.В. Морозова, И.П. Смирнов, И.М. Сулова, В. Шмидт, Л. Гофман, О.С. Ахманова, Д.Э. Розенталь, Г.В. Строева, Д.С. Шелов, Л.С. Герд, М.И. Фомина, А.В. Иванов, Э.Г. Ризель және т.б.

Ізденуші сұлулық индустриясының терминологиялық жүйесін құрайтын қазақ тілі материалдары бойынша 1000-ға жуық терминологиялық бірлікті іріктеп алынған. Ғылыми нәтижелердің шынайылық дәрежесіне ізденушінің төмендегі тұжырымдары дәлел бола алады:



1-нәтиже шынайы. Сұлулық индустриясы кәсібінің дамуына байланысты, осыған қатысты өнімдер мен қызмет түрлері атауларының тілімізде пайда болуы және осы қажеттілікті өтеу үшін аталмыш саланың терминологиялық жүйесі мен өрістерінің қалыптасуы заңды құбылыс. Ізденуші жұмысында терминология ғылымында орын алып отырған аталмыш құбылысты жан-жақты дәлелдей білген.

2-нәтиже шынайы. Сұлулық индустриясының терминологиялық қорының біршама бөлігін өзге салаларға жататын терминдер құрауы себепті, жұмыста олар бірнеше терминологиялық өрістерге бөлінген. Бұл сала терминқорының біршама бөлігі кірме терминдерден тұруы да шынайы тұжырым.

3-нәтиже шынайы. Терминжасамда өзге тілден енген терминдерді игерудің біршама тәсілдері бар екендігі белгілі. Сондай-ақ бұл үдерісте шеттен енген терминдерге тілімізде балама табылмаған жағдайда сипаттама түрінде беру тәжірибеде бар. Сол себептен де аталмыш салада термин-сөзден гөрі термин-сөз тіркесі басым болады. Осыған байланысты ізденушінің аталмыш сала бойынша «өнімді тәсілі синтаксистік тәсіл» деп көрсетуі шынайы.

4-нәтиже шынайы. Зерттеушінің «бастапқыда сұлулық индустриясы терминдерінің басым көпшілігі парфюмерлі-косметикалық құралдар атауларымен айқындалып, ал оның бір бөлігін жасанды жасалған немесе синтездік препараттар атауларын білдіретін терминдер құраған. Бұл кезеңде кәсіби қолданыс пен узус деңгейіндегі терминдердің жүйеленуі орын алған. Кейіннен аталған индустрия саласының қоғамда кеңінен қарқынды дамуына орай, заттық категорияға қоса үдерістік категорияны білдіретін терминдер қабатының өзара байланысқан «әйелдер-ерлер-балалар», «бас-шаш-дене» және «тазалау-күту-әрлеу» үштіктері бойынша толығу үрдісі байқалады» - деп көрсеткен тұжырымын жұмыста нақты дәйектемелермен дәлелдеген.

5-нәтиже шынайы. Бесінші тұжырымда келтірген «сұлулық индустриясының терминқорында қамтылған кірме терминдерді төл тілдің фонологиялық-морфологиялық заңдылықтарына қарай бейімдеу үрдісінің үлес салмағы жоқтың қасы» деген қорытындысы да шынайы.

Жалпы терминологиялық қорымыздағы кез келген сала терминжүйесінде шеттен енген терминдер өзге тілдің орфограммасымен еніп жатқандығы ақиқат.

#### **4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже (қағида) мен қорытындының жаңашылдық деңгейі.**

Бірінші нәтиженің жаңалық дәрежесі – жаңа. Қазіргі қазақ терминологиясында арнайы бір саланың терминжүйесін зерттеген еңбектер жоқ. Қоғамда сұлулық индустриясы сұранысқа ие, осымен байланысты аталмыш сала терминологиялық жүйесінің қалыптасу динамикасын талдауды тың зерттеу деп танымыз.

Екінші нәтиже – жаңа. Қазіргі терминологияда сұлулық индустриясының терминологиялық жүйесі қалыптаспаған. Осы салаға байланысты



терминологиялық қор тізімделмеген. Олардың шеттен енген терминдер мен ұлттық тіл негізінде жасалған терминдердің пайыздық көлемі ажыратылмаған. Жұмыста қарастырылып отырған саланың ерекшеліктері айқындалып, басқа да салалармен қатынасын көрсететін терминдер анықталған. Шеттен енген терминдердің пайыздық мөлшерлемесі көрсетілген.

Үшінші нәтиже – жартылай жаңа. Қазақ терминологиясында терминжасамның негізгі амал-тәсілдері негізінен зерттелген. Дегенмен де сұлулық индустриясы терминологиялық жүйесінде қай терминжасам тәсілі негізгі болатындығы дәйекті түрде дәлелденген.

Төртінші нәтиже – жаңа. Диссертацияда сұлулық индустриясы терминдері алғашқыда парфюмерлі-косметикалық құралдар атаулары арқылы қалыптасып, кейіннен аталған индустрия саласының қоғамда кеңінен қарқынды дамуына байланысты заттық категорияға қоса үдерістік категорияны білдіретін терминдер қабаты арқылы қалыптасқандығын анықтаған.

Бесінші нәтиже – жаңа. Сұлулық индустриясының терминологиялық қорында қазіргі ғылым жүйесінің өзекті үрдісінің бірі терминдерді халықаралықтандыру құбылысының айқын көрініс тауып отырғандығын, кірме терминдерді төл тілдің фонологиялық-морфологиялық заңдылықтарына қарай бейімдеу үрдісінің үлес салмағы мүлдем аз екендігін нақты мысалдармен дәлелдеген.

## **5. Алынған нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы.**

Зерттеудің нәтижелері қазақ тіл біліміндегі терминологияның дәстүрлі бағыттары терминжасам, терминография және жаңа бағыттары когнитивтік терминтаным, ономазиология теориясына өзіндік үлесін қосады. Зерттеу барысында жасалынған тұжырымдамалар мен нәтижелер қазіргі терминологияның кейбір мәселелерінің дамуына, қалыптасуына өз септігін тигізеді.

Сонымен бірге зерттеудің нәтижелерін жоғары оқу орындарында аталмыш сала бойынша курстар, семинарлар өткізуде, дәрістер оқуда кеңінен пайдалануға болады. Жұмыста талданған сұлулық индустриясы салаларына қатысты терминдер осы салаға байланысты түрлі арналымдағы сөздіктер түзуде, мемлекеттік тілде жарнама мәтіндерін дайындауда және т.б. қолдануға болады.

## **6. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар.**

1. Сұлулық индустриясының терминологиясы өзге сала терминдерімен тығыз байланысты. Атап айтқанда, медицина, анатомия, биология және т.б. Сол себепті зерттеу жұмысын салааралық терминдермен байланыста қарастырса, жұмыстың құндылығы артар еді.



2. Диссертацияда зерттеу материалы негізінен, қазіргі тілдік бірліктермен ғана шектелген. Дегенмен, жұмыста терминдерді концептуалды құрылымдық негізінде, диссертацияда кездесетін опа, далап, әтір және т.б. сияқты сәндік эталон стандартын бейнелейтін ұлттық терминдердің қатарын молайтып, кешенді түрде талдағанда когнитивтік терминтануға қосылған үлес болар еді.

3. Терминологиялық қорымызда, сонымен бірге сұлулық индустриясының терминологиясында да шеттен енген терминдер саны өте көп. Терминологияда шеттен енген терминдерді игерудің бірнеше жолы көрсетілген. Диссертациялық жұмыста осы шеттен енген терминдердің құрылымын сипаттаумен ғана шектелген. Егер аталмыш салаға байланысты терминдерді ұлттық тіл негізінде игерудің тетіктерін көрсетіп, өзіндік балама ұсынып отырғанда, казак терминологиялық қорын байытуға белгілі бір деңгейде үлес қосылар еді.

### 7. Диссертациялық мазмұнның Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

Зерттеу барысында қол жеткізген ғылыми нәтижелер, жасалған тұжырымдар мен қорытынды ҚР БҒМ-нің «Ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің талаптарына толық сәйкес келеді. Сондықтан зерттеуші Құрманбаева Ақмарал Жұмаділлақызының «Сұлулық индустриясы терминжүйесінің қалыптасуы» тақырыбында жазылған диссертациясын «6D021300 – Лингвистика» мамандығы бойынша аяқталған зерттеу жұмысы, ал оның авторы Құрманбаева Ақмарал Жұмаділлақызын «6D021300 – Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға толық лайық деп санаймыз.

Ресми рецензент:

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының  
жетекші ғылыми қызметкері, филология  
ғылымдарының кандидаты



Б.С.Жонкешов

